

3. 12 жылдық оқыту мәселелері «Қазақстан Республикасында жалаы орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары» (ҚР Білім және ғылым министрімен диалог). Құрастырушы-авторлар Ү.Б.Жексенбаева, Ж.Б.Самуратова, Б.Қ.Игенбаева. -Алматы: «Мастер-Принт» полиграфиялық орталығы, 2006, - 127 б.

**ОӘК 316.422.42**

## **ТУРИЗМ МАМАНДЫҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ - ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Ондасинова А.А.**

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан*

Бұл мақала туризм саласындағы мамандарды даярлауда жоғары оқу орындары педагогикасында инновациялық әдістер мен әдістемелерді енгізу ерекшеліктерін зерттеуге және жалпылауға арналған. Мақала жазу барысында туризмде VR және AR технологияларын қолданудың артықшылықтары ашылып, отандық тәжірибеде қолдануына талдау жасалды.

**Кілт сөздер:** Инновация, VR және AR технологиясы, виртуалды шындық, толықтырылған шынайылық, туризм, инновациялық прогресс, геоақпараттық жүйелер.

This article is devoted to the study and generalization of the features of implementing innovative methods and techniques in higher education pedagogy for training specialists in the field of tourism. The article highlights the advantages of using VR and AR technologies in tourism and analyzes their application in domestic practice.

**Keywords:** Innovation, VR and AR technologies, virtual reality, augmented reality, tourism, innovative progress, geoinformation systems.

Қазіргі замандағы білім беру жүйесінің басты мақсаты – болашақ мамандарды жаһандық өзгерістер мен нарықтық сұраныстарға сай дайындау. Туризм индустриясы – әлемдік экономика мен мәдениетаралық байланыстардың маңызды саласы. Бұл салада бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау – жоғары оқу орындарының басым бағыттарының бірі. Заманауи оқыту үрдісінде инновациялық әдістерді қолдану білім сапасын арттыруға, студенттердің қызығушылығын оятуға және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Әсіресе, туризм мамандығында оқытудың интерактивті тәсілдері, тәжірибелік және жобалық әдістер, цифрлық технологияларды қолдану ерекше маңызға ие. Бұл әдістер тек теориялық білімді меңгеруге емес, сонымен қатар кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

**Зерттеу жұмысының мақсаты:** Мақалада туризм мамандығына сабақ беруде инновациялық әдістерді қолданудың тиімділігі мен олардың практикалық жүзеге асырылу жолдары қарастырылады.

**Зерттеу міндеті:** Инновациялық және жобалық оқыту әдістерінің ерекшеліктерін анықтау. Бұл әдістердің туризм саласындағы кәсіби дайындыққа ықпалын жүйелеу.

Инновациялық технологиялардың дамуы – кез келген ортадағы прогрестің қозғалтқышы. Туризмдегі инновация – бұл жаңа туристік өнімдерді, қызметтерді, жобаларды әзірлеу мен жасау,

сонымен бірге ғылымның, техниканың, озық технологиялардың жетістіктерін озық тәжірибеде қолдану, іске асыру, халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін менеджмент және маркетинг табысының өсуі, әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету және елдің туристік имиджін жақсартуға мүмкіндік береді. Туризмдегі виртуалды шындық - VR/AR режимінде туристік орындарды, курорттарды, қонақүйлерді көрсету үшін ең жаңа және ең перспективалы құралдардың бірі. Туристік объектілермен көрікті жерлерді көрсету үшін Virtual Reality жоғары сурет сапасы арқылы маркетингтің қуатты құралына айналды. Туризм саласындағы инновациялар жаңа туристік өнімді өзгертуге немесе жасауға бағытталған. Туристің баратын бағыты мен туризм түрін таңдауына байланысты AR технологиясын қолданатын бірегей жоба, өйткені ол белгілі бір жобаға енгізіледі туристік қызмет көрмедегі экспонат болсын немесе турист барғысы келетін турды көру мүмкіндігіне ие болады. Осылайша, ғалымдар мен әріптестердің тәжірибесін ескере отырып, осы бағдарламалар арқылы жаңашыл таңқалдырар дүние жасап шығуға болады [1, 108б.].

Бүгінгі таңда туризм саласының алдында ішкі және келу туризмін дамыту міндеті тұр. Бұл мәселені шешуде еліміздегі туризм инфрақұрылымын жақсарту арқылы туристік қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту мүмкіндігіміз жоғары. Ал бұл өз кезегінде болашақ маман даярлауға жаңа талаптар қояды. Бұл мәселені шешудің перспективалы әдістерінің бірі жобалау әдісін қолдану болып табылады. Сонымен бірге жобалық әдісті оқу-тәрбие үрдісіне енгізудегі мақсат - студент дайын ақпаратты қабылдамай, өз бетінше қажетті ақпаратты тауып, оны нақты практикалық мәселені шешу үшін қолдана отырып, топтық жұмыс дағдыларын, шығармашылық ойлауды және талдауды дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық технологияны қолдану арқылы виртуальды экскурсияны дамыту, ГАЖ көмегімен карталар мен маршруттарды құру, онлайн платформалар мен қосымшалар арқылы оқыту (Google Maps, TripAdvisor, Booking) бұл студенттерге туризмде жұмыс істеуге қажетті технологияларды меңгеруге көмектеседі. Пайдаланушыға бағытталған карталар геокеңістіктік шешімдерді қабылдауға көмектесу үшін, ең алдымен, олардың мүдделеріне негізделген геокеңістіктік ақпаратты қамтамасыз етуге арналған. Жақсы жобаланған туризм карталары аймақтың тартымдылығын арттырып, туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.

Ситуациялық тренинг әдісі - студенттердің кәсіби қызметінде кездесуі мүмкін нақты жағдайларды модельдеу (мысалы, форс-мажорлық жағдайлар, тұтынушылардың шағымдарын қарастыру). Мәселелерді шешу дағдылары арқылы стресске төзімділікті дамытады [2, 54б.].

Ойын технологиялары әдісі - студенттер туристердің, гидтердің және менеджерлердің рөлдерін ойнайтын рөлдік ойындар. Туристік компанияны басқаруға немесе туристік өнімді жасауға байланысты іскерлік ойындар. Мұндай әдістер оқу процесін қызықты және тәжірибеге бағытталған етеді.

Кейс әдісі - туризм индустриясының нақты жағдайларын талдау (мысалы, сәтті жобалар немесе компания қателері). Студенттер бұл әдіс арқылы стратегияларды құрастыру және күрделі жағдайларда шешім табу қабілетін дамытады.

Экскурсиялар және далалық зерттеулер әдісі - табиғи, тарихи немесе мәдени орындарға танымдық экскурсиялар өткізу, туристік фирмалардың, қонақүйлердің, туроператорлардың жұмысымен таныстыру, практикалық тәжірибе теориялық білімді бекітуге көмектеседі [3, 359б.].

Мультимедиялық технологиялар әдісі - оқу материалын визуализациялау үшін презентацияларды, бейнелерді және подкасттарды пайдалану арқылы интерактивті мазмұнның жоғарлауы оқушылардың белсенділігін арттырады.

Геймификация - ойын элементтерін енгізу: рейтингтер, жарыстарды ұйымдастыру арқылы ең үздік деп танылған студенттерді марапаттай отырып, студенттің ынтасын арттырып, оқуды қызықты етеді.

Тұрақты даму тұжырымдамасымен жұмыс - экологиялық туризмді оқып-үйрену, тапсырмаларға тұрақты даму идеяларын енгізу студенттердің қоғамға, табиғатқа деген жауапкершілігін қалыптастырады. Инновациялық әдістер студенттерді тиімді оқытуға ғана емес, сонымен қатар оларды нақты өмірлік қиындықтарға дайындауға мүмкіндік береді [4, 142 б.].

**Қорытынды.** Туризм мамандығында инновациялық - жобалық оқыту әдістерін қолдану – студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге, практикалық дағдыларын нығайтуға және теориялық білімдерін нақты тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында жобалық оқытудың туризм саласындағы өзектілігі мен тиімділігі анықталды. Инновациялық тәсілдер студенттердің оқу процесіне қызығушылығын арттырып, олардың дербестігін, жауапкершілігін және ұжымдық жұмыс істеу қабілетін дамытады. Әсіресе, туризм бағытында нақты жобаларды іске асыру арқылы студенттер саладағы заманауи талаптар мен трендтерді түсінуге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, жобалық оқыту әдістерін қолдану барысында туындайтын кейбір қиындықтарға қарамастан, оларды шешудің тиімді жолдары ұсынылды. Бұл әдістердің артықшылықтары – олардың білім беру сапасын арттыруға, практикалық тәжірибені күшейтуге және студенттердің болашақ кәсіби қызметіне дайындығын жақсартуға қосқан үлесінде жатыр. Жалпы, туризм мамандығында инновациялық-жобалық оқыту әдістерін енгізу білім беру үдерісін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді [5, 426б.].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Баймұхамедова Л.Қ. Инновациялық оқыту технологиялары. – Алматы: Рауан, 2020.
2. Әлқожаева Г.А. Жобалық оқыту әдістемесі: теория және тәжірибе. – Астана: Фолиант, 2019.
3. Құнанбаева С.С. Қазіргі заманғы білім беру технологиялары. – Алматы: Білім, 2021.
4. Сұлтанова А.Т. Туризм саласында мамандар даярлаудың инновациялық әдістері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
5. UNWTO (World Tourism Organization). Global Report on Innovation in Tourism. – Madrid: UNWTO, 2020.